



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА ЖОСПАРЛАУ МЕН БОЛЖАУДЫҢ РӨЛІ****Ахмедова Жанар Муратовна**[Zhanarkaaa19@bk.ru](mailto:Zhanarkaaa19@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мемлекеттік және жергілікті басқару

мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Смагулова

Мемлекетті басқару қоғамдық өмірді реттеуде және тәртіпке келтіруде басты рөл атқарады. Әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани және басқа салаларды қамтиды. Ұйымдастыру және құрылымдық жоспар мен оның шешетін мүдделі және атқаратын қызметі туралы өте күрделі және көп жоспарлы институт. Бұл жағдайды зерттеу кезінде әр адамның, қоғам мен жеке мемлекеттің арасындағы сипатты түсінуге болады. Мемлекеттің басқару функциясы және дәрежесі, әр түрлі формада қоғамдағы жағдайға, оның мүшелеріне, әлеуметтік топтарға, ұйымдарға, бірлестіктерге, қоғамдық саяси қозғалыстарға толық әсер етеді.

Әрбір елдің өзінің басқару жүйесі болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің бастапқы аяққа тұруы қиын болуына қарамастан, өзіндік ерекшелігі бар мемлекеттік басқару жүйесінің әдістемелік негізін қалыптастырды.

Мемлекеттік басқару - қоғамды дамытудағы әлеуметтік процестерді тікелей, практикалық ұйымдастыру бойынша атқарушы және әкімшілік қызмет. Мемлекеттік басқару функциялары мемлекеттің функцияларымен тығыз байланысты және оларды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық формаларының айқын жолдарын нақтылайды, яғни тар мағынасында мемлекеттік басқару - елдің бағытына сәйкес ішкі және сыртқы міндеттерін орындайды. Оларға басқару жүйесін ұйымдастыру, жоспарлау (болжау, бағдарламалау), кадрлармен қамтамасыз ету, реттеу, бақылау сияқты функциялар кіреді.

Мемлекеттік жоспарлау - дамыған экономикалық механизмінің құраушы элементі болып табылады, яғни бұл мемлекеттің, басқару органдарының, субъектілердің перспектива жасау бойынша мақсатты әрекеті. Елдің, аймақтардың, салалар мен кәсіпорындардың әлеуметтік – экономикалық дамуы. Кез келген өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму процесі жоспарлауды талап етеді.

Мемлекеттік әлеуметтік – экономикалық жоспарлау қажеттілігі мынада:

- күрделі мәселелерді жалпы ұлттық масштабтағы ұзақ мерзімді перспектива шегінде ғана шешуге болады;
- тек мемлекет көмегімен тиімді реттеу мүмкіндігі қоғамдық тұтыну үлесі объективті жоғарылайды;
- нарық макроэкономикалық баланстылық пен тұрақтылықты қамтамасыз ете алмайды;
- жоспарлаусыз қоғам масштабында экономика тиімділігін арттыру мүмкін емес, - жоспарлаудың болмауы.

Жоспарлау процесі басталмас бұрын, болжау функциясы орын алады.

Болжау – болашақтағы экономикалық жүйе параметрлерінің даму мүмкіндіктерін ескере отырып кешенді түрде ғылыми негіздемелерге сүйеніп, алдын-ала болу ықтималдығы анықталған іс-қимылдар бағыты. Ол көріпкелдік немесе мемлекеттік басқарудағы алдын-ала бағыттау сипатына ие, яғни кез-келген шаруашылық қызметтің мақсатқа жетуі, ғылыми немесе логикалық тұрғыдан нәтежиесін болжаудың әсерінен болады. Болжау болашақта туындауы мүмкін қиындықтар мен жағдайларды алдын-ала қарастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи экономикалық қатынастағы мемлекеттік басқарудағы маңыздылығының артуына байланысты болжау кең масштабты қолданысқа ие бола бастады. Болжау рөлінің экономикалық қатынастарға ықпалының арта түсуі ҒТП-ның қарқынды дамуы, басқару

шешімдеріне қойылатын міндеттерінің жоғарылауы, жаһандық экономикадағы сыртқы орта ықпалының нәтижесінде белгісіздіктің артуына байланысты болып келеді.

Болжау мен жоспарлау мемлекеттік басқару функцияларының бірі ретінде мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары туралы ғылыми негізделген идея алуға мүмкіндік береді. Бірақ та, бұл екі ұғым бір-біріне жақын болып келгенімен аралында айырмашылықтары да бар. Теориялық тұрғыдан жоспарлау мынадай ерекшеліктермен болжаудан ерекшеленеді:

- 1) бақыланатын немесе ішінара бақыланатын үрдістерге, табиғатта және қоғамда байқалатын құбылыстарға болжау болжанған болса, тек бақыланатын экономикалық процестер жоспарлау объектісі болып табылады;
- 2) жоспарлау нысандарын, процестерді, қарым-қатынастарды болжайтын болашақ жай-күйі туралы нұсқа болжамдарының жиынтығын қалыптастырады, ал жоспарлау жоспарды жүзеге асыру арқылы туындауы керек белгілі бір мемлекеттің нышаны болып табылады.
- 3) әлеуметтік-экономикалық талдауды бірге жоспарлаудан алдын-ала болжау, ғылыми негіздеме, жоспарланған жұмыстарды ақпараттық қолдау, ұтымды, лимиттегі - жоспардың оңтайлы нұсқаларын іздеу құралы ретінде қызмет етеді.

Мемлекеттік басқару белгілі бір мақсатқа қол жеткізу барысында нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқарудың мақсаты - Конституцияны, заңдарды, Президенттің жарлықтарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асыру, мемлекеттік реттеудің формаларын жүргізу. Осы мақсатта, жоғарыда атап өтілген жоспарлау, болжау сынды функциялар өз қызметін атқарады.

Перспективалық мемлекеттік жоспарлаудың негізгі нысаны - мақсатты интеграцияланған бағдарламаларды әзірлеу. Мемлекеттік басқаруда мемлекетті реттеу формасының нысаны бойынша әлеуметтік – экономикалық даму динамикасын бағдарламаларда жүргізеді. Жоспарлау және болжау функциясы арқылы орындалатын бағдарламалар мынадай формаларда жүреді:

- ұлттық дағдарысқа қарсы даму бағдарламасы;
- мемлекеттік ұлттық бағдарламалар;
- ұлттық жобалар;
- мақсатты бағдарламалар;

Мемлекеттік ұлттық бағдарламалар – мемлекеттік алға қойылған мақсатына, ұзақ мерзімді басымдықтарына қол жеткізу үшін қолданылады. Қазіргі таңда ҚР-нда ұлттық бағдарламаларды жасау, оларды жүзеге асыру өз деңгейінде орындалып, мемлекет экономикасы үшін зор үлесін қосуда. Сондай бағдарламалардың мысалы ретінде «жаңа үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың бағдарламасын» айтуға болады.

Бағдарлама атауы	Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың бағдарламасы
Бағдарлама кезеңі	1 кезең – 2010-2014 жылдар 2 кезең – 2015-2019 жылдар
Міндеттері	1) өңдеуші өнеркәсіпті озыңқы дамыту; 2) басым секторларда тиімділікті арттыру және қосылған құнды ұлғайту; 3) шикізат емес тауарларды өткізуге арналған нарықтарды кеңейту; 4) өнімді жұмыспен қамтуды ұлғайту; 5) өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларын технологияландыруды жаңа деңгейге көтеру және инновациялық кластерлер қалыптастыру арқылы болашақтың секторларын дамыту үшін негіз жасау; 6) өңдеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлікті ынталандырып,

	шағын және орта бизнесті дамыту.
Жауапты орындаушы	Қазақстан Республикасы Индустрия және жана технологиялар министрлігі

Бағдарлама 2010 – 2014 жылдар арасында жүзеге асырылды: институттар жүйесі құрылып, түрлі заңдар қабылданды, нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің деңгейі өсті.

Бағдарламаның 1-нші кезеңі бойынша қол жеткізілген нәтижелер мыналар:

- 1) Көптеген нормативті құқықтық актілерді қабылдаумен өндірістік саясаттың негізі салынды;
- 2) Қазақстан өндірісінің әртараптануына негіз салынды: шикізатті емес экспорт, шикізатты емес сектор инвестициялары;
- 3) 500-ге жуық жаңа өнеркәсіп ашылды, олардың өңдеуші өнеркәсіптегі бөлігі 9,4% құрады;
- 4) Индустриядағы жұмыспен қамтамасыз ету осы 4 жыл ішінде 9%-ға өсіп, 1млн-нан астам адам құрады;
- 5) Еңбек өнімділігі өсті;
- 6) Тура шетелдік инвестициялардың 90 млрд доллары жұмылдырылды;
- 7) Өнеркәсіпті дамыту институттарының жүйесі жасалды.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру арқасында, мемлекетте тұрақты өнеркәсіп орнықты, бірақ оның кейбір түрлі салалары, 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламадан кейінгі дамуды талап етеді. Қазіргі өнеркәсіптік саясаттың негіздері салынып, өнеркәсіптік дамуды қолдаудың құралдары мен тұра шетелдік инвестициялады баурау тәжірибе жүзінде сыналды. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Мен Үкіметке үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға екінші бесжылдық жобасын өңдеуге бірнеше тапсырыстарымды бердім», - деген болатын. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы «Қазақстан - 2050» стратегиясының қағидаттары мен мақсаттарымен сәйкес және республикамыздың ең дамыған елдер қатарына жату тұжырымдамасымен сәйкес жасалды.

Бағдарламаның 2-нші кезеңі бойынша республикалық бюджетте көзделген жалпы шығыстар 643 909,6 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

2015 жылы - 327 506,3 млн. теңге

2016 жылы - 111 324,6 млн. теңге

2017 жылы - 74 464,6 млн. теңге

2018 жылы - 64 785,3 млн. теңге

2019 жылы - 65 828,8 млн. теңге

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының болжамы бойынша мынадай нәтижеге жетуі керек:

- өңдеуші өнеркәсіпте өндірілген өнім көлемінің нақты 43% ға өсуі.
- өңдеуші өнеркәсіпте тұтас қосылған құнның өсуі нақты көрінісінен 1,4 еседен кем емес;
- өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің өсуі нақты көрінісінен 1,4 еседен кем емес;
- шикізаттық емес (өңдеуші) экспорттың көлемдік өсуі 1,1 есе;
- өңдеуші өнеркәсіп энергиясының жұмсалудың төмендеуі 15 % дан кем емес;
- өңдеуші өнеркәсіпті жұмыспен қамтудың өсуі 29,2 мың адам

Қорытындылай келе, жоспарлау мен болжау функциялары негізінде мемлекеттік басқаруда әлеуметтік-экономикалық маңызы бар шешімдер қабылданады. Жоспарлау - бұл мемлекеттік басқарудың орталық тізбегі. Ол нақты міндет және әкімшілік шешімдерді жүзеге асыра отырып, сол әрекеттерді алдын-ала бағытта жұмылдырады. Ал жоспарлау процесін дұрыс

іске асыру үшін мүмкіндігінше үздіксіз ғалыми негізделген болжау жүргізілуі қажет. Қазіргі таңда біздің еліміз жоспарлау мен болжау арқылы экономикамызда елеулі жетістіктерге жетті. Жоғарыдағы аталған жоспарлау мен болжаудың маңыздылығын, талданған бағдарламалардан осы 2 негізгі функциясының әлеуетін көруімізге болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Правовые проблемы реформирования государственной службы суверенного Казахстана. – Астана: институт законодательства РК, 2003
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000874>
3. Основы государства и права Республики Казахстан. Алматы: Жеты жаргы 2007
4. Теория государственного управления Уваров В.Н.. Учебное пособие. Алматы: КазГЮА 2001г
5. <https://yvision.kz/post/427839>

УДК 330.35.01

### **РЕГИОН КАК СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА**

**Әбдіқалық Нұрман Мырзабекұлы**

[rkaugabaeva@bk.kz](mailto:rkaugabaeva@bk.kz)

магистрант, кафедра «Менеджмент и маркетинг» Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, г.Астана  
Научный руководитель - Бейсенғалиев Б.Т.

В литературе различают следующие формы социального взаимодействия: социально-демографические, социально-классовые и социально-групповые, социально-трудовые, социально-профессиональные, социально-территориальные, социально-этнические, межличностные. В территориальной организации общества региональная социальная общность предстает как относительно стабильная целостная совокупность людей, интегрированных в поселенческую организацию общими социальными интересами, потребностями совместных действий в многообразных видах жизнедеятельности и объединенных едиными условиями среды обитания.

Регион представляет собой целостную, пространственно-организованную форму жизнедеятельности социума как системы. Такая форма имеет свое содержание. Это взаимодействие субъектов в процессе воспроизводства условий жизнедеятельности; материально-вещественные факторы, выступающие основой воспроизводства; количественные и качественные показатели, характеризующие результат — уровень социально-экономического развития. Кроме этого, в регионе существуют функциональные внутрисистемные связи, вытекающие из отношений собственности, отношений по распределению предметов ведения и полномочий. Регион обладает самоуправляющимся механизмом, элементы которого взаимосвязаны, взаимозависимы и дополнены механизмом внешнего регулирования [1].

Такие качества, как относительная обособленность, целостность, комплексность, структурированность, подчиненность единой цели, связям с внешней средой и определяют регион как сложную социальную систему.

Таким образом, с точки зрения социальной идентификации региона и поиска его общих критериев (с целью выработки универсального определения), под регионом можно понимать разновидность внутренне дифференцированной социально-территориальной общности людей, населяющей определенную часть страны. Данная общность отличается от других частей особой совокупностью природных и исторически сложившихся условий существования (в области экономических, культурных, социальных), наличием конкретных органов власти и самоуправления, спецификой массового сознания и поведения.